

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 тамыздағы N 1160 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1413 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1519 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1519 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілер көрсететін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағаларды мемлекеттік реттеу жөніндегі жекелеген мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 тамыздағы N 1160 P991160_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мұнай мен мұнай өнімдерінің ішкі рыногында үстем жағдайға ие мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекеттік реттеу шаралары қолданылады деп айқындасын.";

2) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н . " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі